

"Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ, әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 840 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 желтоқсанда № 17848 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ, әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12681 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі*

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 840 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 780 бұйрығымен
бекітілген

Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Объектілер құрылысы жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-18) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар:

1) объектілер құрылысы жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаларға) ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу ;

2) сараптама комиссиялары немесе сараптама топтары жүзеге асыратын аумақтарды дамытудың және құрылыс салудың қала құрылысын жоспарлау жобалары бойынша қала құрылысы кешенді сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау тәртібін айқындайды.

3. Аккредиттелген сараптама ұйымдары салалық сараптамалардың қатысуымен орындайтын сараптама жұмыстарының құны тапсырыс беруші мен сараптамалық ұйымның арасында жасалған шартқа сәйкес белгіленеді.

Мемлекеттік сатып алулар шеңберінде орындалатын шарттар бойынша сараптама жұмыстарының құны осы Қағидаларына сәйкес белгіленетін құннан төмен болмауға тиіс.

4. Құрылыстың техникалық-экономикалық негіздемесіне, сондай-ақ құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу тәртібі мен ұзақтығы (мерзімдері) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10722 болып тіркелген) Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес айқындалады және құрылыс объектілерін жобалау саласындағы сараптама қызметінің барлық субъектілері үшін бірыңғай болып табылады.

2-тарау. Ведомстводан тыс кешенді сараптама жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау тәртібі

5. Объектілер құрылысы жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізудің құны мынадай формула бойынша белгіленеді:

$$K_c = K_{\text{ж}} * K_{\text{св}} * \frac{A_{\text{ЕК}_c}}{A_{\text{ЕК}_\text{ж}}},$$

мұндағы:

K_c – жоба сараптамасының құны;

$K_{\text{ж}}$ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 232-нқ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14642 болып тіркелген) Қазақстан

Республикасындағы құрылыс үшін жобалау жұмыстарының құнын айқындау жөніндегі мемлекеттік нормативке (бұдан әрі – Мемлекеттік норматив) сәйкес Құрылыс үшін жобалау жұмыстарына арналған бағалар жинағының (бұдан әрі – Бағалар жинағы) негізінде айқындалатын, сараптамаға ұсынылған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеудің нормативтік құны;

$АЕК_c$ – айлық есептік көрсеткіштің сараптама жүргізуге арналған шарт жасалған күнге сәйкес келетін мәні;

$АЕК_{ж}$ – айлық есептік көрсеткіштің жобалау жұмыстарының құны айқындалған күнге сәйкес келетін мәні;

K_{CB} - сараптама жұмыстары құнының жобаны әзірлеу құнына қатысын көрсететін сараптамалық верификация коэффициенті, ол жобалау-сметалық құжаттаманы (ЖСҚ) әзірлеудің нормативтік құнына байланысты осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес мәндер бойынша айқындалады.

6. Егер шарт және тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша жобалау-сметалық құжаттама бөлімдерінің және жұмыстарының бір бөлігі ғана сараптамаға жататын болса, жобаның немесе жұмыс жобасының құнынан, осы Қағидалардың 5-тармағының формуласына қою кезінде сол сараптамаға жатпайтын жоба бөлімдерінің немесе жұмыстарының құны алып тасталады.

7. Әзірленудің нормативтік құны Бағалар жинағында жоқ жұмыстардың жекелеген түрлері бойынша сараптама құны еңбек шығындары бойынша жеке есеппен, Мемлекеттік нормативтің 6-қосымшасына сәйкес № 3П нысаны бойынша калькуляциямен айқындалады.

3-тарау. Кешенді қала құрылысы сараптамасы жөніндегі жұмыстар құнын айқындау тәртібі

8. Әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстар құны шарт негізінде айқындалады.

Әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу бойынша жұмыстар құны осы Қағидалардың 5 және 7-тармақтарына сәйкес анықталатын есептік кезеңнің бағасында жобалау-іздістіру жұмыстар (ЖІЖ) құны бірдей, ҚҚС-ті ескермегенде, объектілер құрылысы жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу құнынан төмен болмауы тиіс.

9. Әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстар құнына барлық қосымша шығыстар, оның ішінде кешенді қала құрылысы сараптамасына қатысу үшін

мамандарды (мамандандырылған институттар мен ұйымдарды) тарту бойынша шығыстар кіреді.

Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ, әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына қосымша

K_{CB} сараптамалық верификация коэффициентінің мәні

| ҚҚС-сыз мың АЕК-те ЖСҚ әзірлеу құны | k C B коэффициенті | ҚҚС-сыз мың АЕК-те ЖСҚ әзірлеу құны | k C B коэффициенті |
|-------------------------------------|--------------------|-------------------------------------|--------------------|
| 1 | 2 | 1 | 2 |
| 0,93 дейін | 0,1728 | 185,81 | 0,0152 |
| 1,86 | 0,1727 | 278,71 | 0,0128 |
| 2,79 | 0,1354 | 418,06 | 0,0108 |
| 4,65 | 0,0996 | 557,42 | 0,0096 |
| 7,43 | 0,0751 | 706,06 | 0,0087 |
| 8,36 | 0,0700 | 836,13 | 0,0082 |
| 12,08 | 0,0561 | 1021,94 | 0,0077 |
| 15,79 | 0,0478 | 1207,74 | 0,0073 |
| 19,51 | 0,0421 | 1393,55 | 0,0070 |
| 23,23 | 0,0379 | 1579,35 | 0,0068 |
| 26,94 | 0,0346 | 1765,16 | 0,0066 |
| 38,09 | 0,0281 | 1950,97 | 0,0064 |
| 46,45 | 0,0250 | 2136,77 | 0,0063 |
| 69,68 | 0,0230 | 2322,58 | 0,0061 |
| 92,90 | 0,0211 | 2573,55 бастап | 0,0058 |
| 139,35 | 0,0174 | | |

Ескертпе:

1. Берілген кестені пайдалану кезінде (1-бағанамен салыстыру) ЖСҚ әзірлеу құны және ол арқылы көрініс беретін АЕК мәні жобалау жұмыстарының құны айқындалған күнге сәйкес келетін ағымдағы бағаларда қабылданады.

2. Аралық мәндер интерполяциямен айқындалады.